



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Қатар Әмірі Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуі мүмкін

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Әмірі шейх Тамим бен Хамад Эл Тәнимен телефон арқылы сөйлесті, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

лаларындағы жобаларды жүзеге асыруға ниетті екенін нақтылады. Қазақстан Президенті Қатардың жетекші бизнес өкілдерін экономиканың ба-



Әңгіме басында мемлекеттер басшылары бірін-бірі қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтады. Көшбасшылар Қазақстан мен Қатар арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жағдайын талқылап, оны одан әрі қарай дамытудың қолайлы перспективалар бар екенін атап өтті. Тараптар өзара сауда-саттықтың оң қарқынын одан әрі сақтауға және инвестициялық жобаларды, соның ішінде банк және қаржы са-

сты салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыруға белсене атсалысуға шақырды. Қатар Әмірі көпжақты ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге дайын екенін айтып, осы бағытта нақты шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Шейх Тамим бен Хамад Эл Тәни Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарын дайындау үшін ресми өкілдерін жіберуге ниетті екенін жеткізді.



## Президент Энергетика министрін қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Энергетика министрі Болат Ақшолоқовты қабылдады, деп хабарлады Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Мемлекет басшысына еліміздің отын-энергетика кешенін дамытудың негізгі көрсеткіштері, сондай-ақ Каспий құбыр консорциумында (КҚК) қалыптасқан жағдайға байланысты қабылданған

шаралар жөнінде есеп берілді. Энергетика министрі Президентке газ саласын дамытудың кешенді жоспарының пысықталу барысы туралы баяндады. Аталған жоспар халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтары үшін бағаны ұстап тұруды ескере отырып, сұйытылған газға баға белгілеу ісін жетілдіруді, ресурстар базасын ұлғайтуды, өңірлерді одан

әрі газбен қамтамасыз етуді, Қазақстанның газ тасымалдау жүйесін жаңғыртуды және кеңейтуді көздейді. Қасым-Жомарт Тоқаев Энергетика министріне еліміздегі жылу энергетикалық нысандарда апаттардың жиілеп кетуіне, атап айтқанда, Петропавлдағы екінші ЖЭО-дағы жағдайға қатысты мәселемен айналысуды тапсырды.

## «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Президентке есеп берді

Мемлекет басшысы «Самұрық-Қазына» АҚ басқарма төрағасы Алмасадам Сәтқалиевті қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақордаға сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа «Самұрық-Қазына» қорының биылғы үш айда атқарған жұмысының нәтижелері туралы есеп берілді. Алмасадам Сәтқалиев Президентке Қордың өндірістік, қаржылық көрсеткіштері мен осы жылға арналған болжамдары жөнінде баяндады. Берілген мәлі-



меттерге сәйкес Қор қазіргі уақытта жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізген. Осы қарқын биыл сақталды деп күтілуде. Басқарма төрағасы Мемлекет басшысына Қордың маңызды жобаларының жүзеге асырылу барысы және олардың санын көбейту мүмкіндігі туралы айтты. Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының жұмысына қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

## Сегіз университеттен шақырту алды



Түркістан облысы, Келес ауданы, Біртілек ауылдық округінде орналасқан №9 Көлтоған жалпы орта мектебінің 11-сынып оқушысы Жанерке Зейбекова Америка Құрама Штаттарының 8 университетінен грант ұтып алды. Ағылшын тілін терең меңгеріп, Назарбаев университетіне түсуге дайындалып жүрген Жанерке онлайн түрде оқу курстарынан өтіп, шетелдегі байқауларға да қатысқан. Нәтижесінде, АҚШ мемлекетінің 8 университетінен шақырту алды. Бүгінде Түркия мемлекетінің жоғары оқу орындарына да құжаттарын тапсырып, нәтижесін күтіп отырған білімді жас осындай жоғары нәтижеге жетуіне басты себепкер болған мектебінің ұстаздарына дән риза. «Жанерке карантинде мектеп қашықтан оқу форматына ауысқан кезде уақытын босқа өткізбей, ағылшын тілінен қосымша сабақтарға қатысып жүрді. Репетитордан онлайн дәріс алды. Ешқандай гимназия, лицей емес, жалпы білім беретін мектепте оқиды. Бостон, Нью-Йорк, Чикаго қалаларында орналасқан жоғары оқу орындарынан шақырту келді. Бүкіл ауыл қатты қуанып жатырмыз», дейді мектеп директоры Қалдыгүл Тұрсынбекова. Түркиядағы университетке құжат тапсырған Жанерке болашақта дәрігер болғысы келеді.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Мәжіліс атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге бағытталған заң жобасын мақұлдады

ҚР Парламент Мәжілісі атқарушылық іс жүргізуді жетілдіруге бағытталған заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады, деп хабарлайды Egeмен.kz.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әріптестеріне Мәжіліс депутаты Дмитрий Колода таныстырды. Құжатта атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша заңнамалық актілердегі оқшылықтарды, коллизиялар мен қайшылықтарды, сондай-ақ

сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін нормаларды жою көзделеді. Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Арман Қожахметовтің айтуына қарағанда, заң жобасын қабылдау бірнеше мәселені шешуге мүмкіндік береді. Олар: - жеке сот орындаушыларының атқарушылық іс жүргізуді аяқтаған кезде алдыңғы жеке сот орындаушылары шығарған мәжбүрлеу шаралары туралы барлық қаулылардың күшін жою міндетін белгілеу; - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты болғызбау мақсатында борышкерді шақыру негіздерін қысқарту;

- жеке сот орындаушыларының атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулының көшірмесін жіберу және мәжбүрлеп орындату шаралары туралы хабар беру жөніндегі міндетін белгілеу. Заң жобасы қабылданған жағдайда мынадай оң құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдар көзделеді: -атқарушылық іс жүргізуге қатысатын азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын неғұрлым жақсы қамтамасыз ету; -атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша шағымдар мен өтініштердің санын азайту. Заң жобасын депутаттар бірінші оқылымда мақұлдап дауыс берді.

## Семинар

Созақ ауылдық округі «Қуаныш» шаруа қожалығында (төрағасы Болысбаев Бақыт) «Биогумус өндіру» тақырыбында семинар жиын болып өтті. Жиынға Түркістан облысының өңірлерінен «БИОГУМУС» өндіру ісінің көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар мамандары, аудан әкімінің орын-

қыш, ауыл шаруашылығы қалдықтарының жауын құрттары және басқа да микроағзалармен (саңырау құлақтар, бактериялар, актиномицеттер, жәндіктер, буынаяқтылар) өңделінген өнім.

Вермикомпостану кезінде арам шөптердің дәнекері жауын құртының ағзасынан өтіп, тамыр-

## Биогумус-таптырмас тыңайтқыш

басары Ақәділ Сатыбалды, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлім басшысы Қайырбек Мейрманов, ауылдық округі әкімі Батырхан Аяпов және аудан шаруа қожалықтары қатысты. Жиында калифорниялық шылаушын құрты арқылы «Биогумус» өндіру технологиясының жай күйі айтылып, іс-тәжірибе арқылы көрсетілді.

Биогумус—органикалық тыңайт-

лануға бейімдігінен айырылады. Сонымен қатар, биогумуста көңге қарағанда ішек таяқшасы және басқа да патогендіктік ағзалар азырақ кездеседі.

Биогумус топырақтың құнарлылығын, құрылымын және физикалық қасиеттерін жақсартады. Биогумус қолданылғаннан кейін топырақты бірнеше жылдар бойы қатарынан қолдануға болады.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Бос орындар жәрмеңкесі өтті



Наурыз айының белоратасында «АППАҚ» ЖШС Созақ ауданы әкімдігімен бірлесіп, жергілікті халықты жұмыспен қамту мақсатында аудан орталығы Шолаққорған ауы-

лындағы «Мыңжылқы» мәдениет сарайында «Бос орындар» жәрмеңкесін ұйымдастырды.

Аталмыш іс-шараға 500-ге жуық жергілікті тұрғындар қатысты.

«Бос орындар» жәрмеңкесінде «Аппақ» ЖШС бастамасы бойынша семинар өткізілді, онда «HR екар» жүйесі таныстырылды, сондай-ақ электрондық түйіндеме жасау және бос жұмыс орындарына пікір білдіру тұрғысынан түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

HR презентациясынан кейін серіктестік менеджері сұрақ-жауап сессиясын өткізді.

Семинар жоғары деңгейде өтті. Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков атқарылған жұмыстарға жоғары баға беріп, тоқсан сайынғы негізде осындай семинарлар ұйымдастыруды және «Қазатом-өнеркәсіп» АҚ ҰАК-ның басқа да ЕТҰ-ларын тартуды ұсынды.



## Әйелдер арасында өткен әсерлі шара

Көктем мерекесіне орай Құмкент ауылдық округінде салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ауыл әкімінің ұйымдастыруымен волейболдан әйелдер арасында көшеаралық жарыс өткізілді. Жарысқа Құмкент ауылдық округінен 7 команда, Қызылқанат елді мекенінен 1 команда, Қызылкөл елді мекенінен 1 команда, барлығы 9 команда қатысып бақ сынасты. Тартысты өткен ойында әр команда үлкен дайындықпен келгендігін көрсетті. Үй шаруасымен бірге спортты қатар алып жүрген нәзік жанды арула-

рымыз керемет ойын көрсете білді. Ойынға «Аппақ» ЖШС қаржылай 150 000 теңге көлемінде демеушілік жасады. Жарыстың қорытындысы бойынша жүлделі 1-орынды Амангелді көшесі, 2-орынды Жылыбұлақ көшесі 3-орынды Абай көшесі иеленді. Сонымен қатар ойыншылар арасынан үздіктер «үздік ойыншы», «үздік қорғаушы», «үздік шабуылшы», «қарт ойыншы» номинацияларымен марапатталды. Барлық жеңімпаздар ақшалай ұтыстарға ие болды.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

## Аудан әкімі ауыз ашар берді

Қасиетті рамазан айының төртінші күні аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған ауылындағы «Алтынай» мейрамханасында көпшілікке арнап ауыз ашар берді. Бұл дастарханға ардагерлер, әр салада еңбек еткен белсенді азаматтар, ауыл-кент округтің ақсақалдары қатысты.

Аудан басшысы Мұхит Тұрысбеков пен аудандық мәслихаттың хатшысы Бегімбет Байғараев ауыз бекіткен жандарды қасиетті ораза айымен құттықтап, өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Ауыз ашарда ауданның бас имамы Мейрамбек Әбдіқұлов көпшілікке арнайы, оразаның пайдасы, зекет, қайырымдылық, ізгі амалдар туралы ұлағатты ойларын жеткізді. Ауыз ашар кезінде құран оқылып, ауыз ашар беріп жатқан ел азаматтарына Ұлы Отан соғысының ардагері Мыр-

захмет Жылысбаев, бата қайырып, ізгі тілегін арнады.

Жиын барысында ауыз ашарға келген азаматтар, қасиетті ораза айындағы игі тілектерін арнап, елдің бірлігі, халықтың ауыз біршілігі жолына үндеді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 2022 жылғы 3 наурыздағы «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» №826 Жарлығына сәйкес, биылғы жылдың I-тоқсанның қорытындысы бойынша Таукент кентінің әкімі ауыл жұртшылығына өз есебін берді. Кент әкімінің есебі бойынша жалпы Таукент кенті әкімі аппаратында бюджет жоспары 84 млн 259 мың теңге болса, 2022 жылдың I-тоқсанында 19 млн 232 мың теңге бекітілген қаралса, ол қаражат толығымен 100 пайыз игерілді. Таукент кенті әкімі аппаратының 2022 жылға салықтың 6 түрінен және мемлекеттік меншікті жалдауға беруден, айыппұлдар бойынша салықтық түсімдердің жылдық жоспары 39 млн 166 мың теңге болса, 3 айда орындалуы 11 млн 123 мың теңге болып, жылдық жоспар 28,3 пайызға орындалды. Кенттің халық саны 8064 адам, еңбекке қабілетті халық саны 3747 адамды құрайды, олар өндіріс пен қызмет көрсету саласында – 2858, жеке кәсіпкерлер – 243, мемлекеттік және әлеуметтік нысандарда – 639 адам.

Таукент кенті әкімдігі бойынша I-тоқсанда 37 отбасы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасы бойынша қаржылай көмек алып отыр, оның ішінде 9 отбасы шартсыз және 28 отбасы шартты түрде көмек алып, барлығы 4 млн 499 мың 212 теңге көлемінде қаржы бөлінген. Жыныс елді мекеніндегі С.Әліұлы атындағы орта

## Кенттегі келелі істер

мектебінде оқитын оқушыларының тасымалына «Қазатомпром-СаУран» ЖШС-і, «ОАЖТБ» ЖШС-нің демеушілігімен автобус шығарылды. Таукент кенті әкімдігінің, кент имамының ұйымдастыруымен 1 наурыз, 8 наурыз, 22 наурыз мерекелерінде кент аумағындағы көп балалы аналарға, қарттарға, тұрмысы төмен отбасыларға арнайы демеушілер арқылы қаржылай, заттай көмектер тұрақты түрде көрсетілуде. Және спорттық мәдени шаралар өткізілген. Ауыл шаруашылық саласына келсек, Таукент кенті әкімдігі бойынша 9 шаруа қожалығы бар. Оның ішінде мал шаруашылығымен айналысатындар 5 шаруа қожалығы бар, ондағы мүйізді ірі қара-400 бас, майда мал –1565 бас, жылқы – 126 бас. 2022 жылдың I-тоқсанында әкімшілік құқықбұзушылық бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын асырау қағидаларын бұзған 2



азаматқа учаскелік инспекторайппұл салынған. Таукент кенті әкімдігі бойынша 2022 жылдың I-тоқсанда конго қырымқанды қызбасы ауруларына қарсы жұмыстар жүргізілуде. Жол, құрылыс, көркейту саласы бойынша кент көлемінде мекеме және кәсіпорын ұйымдарымен бірлесіп 3 сенбілік өткізіліп көше бойындағы тұрмыстық 20 тонна күл - қоқыстар шығарылды және кент әкімшілігінің ұйымдастыруымен кент жастарымен бірлесіп жасанды көлдің айналасына және сая-

бақтарға сенбілік өткізілді. Бүгінгі таңда Таукент кенті әкімі аппараты мемлекеттік мекемесімен Орталық саябақ пен Жастар саябағына күтіп баптау жұмыстары жүргізілуде екен. Жалпы қашықтығы 2,4 шақырым I. Кеңесбаев көшесіне аудандық бюджеттен қаржы қаралып, асфальт жол төселетін болды. Таукент кентінің жоғары жағындағы «Орталық саяжай» көшесіне жарық тарту мәселесі бойынша 1-үй мен I. Кеңесбаев мектебі арасындағы жолға көше жарығын орнату үшін кіші коттедж көше жарығының сметалық жобасы жасалынып, құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін аудандық бюджетке ұсынылғанын хабардар етті. Кент әкімі М.Оспанов өз есебінде Жыныс ата елді мекеніне орнатылған электр бағаналары түзетіліп, сымдары тартылып, қуаты жоғары трансформатор қойылды. Жыныс ата көшесіне асфальт жол салу үшін аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылық және автомобиль жолдары бөлімімен сметалық құжаттары дайындалып, аудандық бюджетке ұсыныс беру жұмыстары жүргізіліп жатқанын баяндады.

«Созақ үні»-ақпарат.



# МӘМС жүйесінің артықшылықтары

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) – бұл денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік мүдделерді қорғаудың мемлекеттік жүйесі. МӘМС Қазақстанның барлық сақтандырылған азаматтарына жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты жеріне, табысына қарамастан, тең дәрежедегі медициналық және дәрілік көмекті қамтамасыз етеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – бұл тұрғындарды ауру, жарақат, жүктілік, бала туу, мүгедектік, кәрілік жағдайындағы әлеуметтік қорғау үлгісі. Көптеген дамыған елдер тұрмысы төмен, көмекке мұқтаж адамдарға ресурстарды қайта бөлуге мүмкіндік беретін МӘМС жүйесін таңдаған.

Қазақстанда міндетті медициналық сақтандыру үлгісін таңдау барысында 50-ден астам елдің тәжірибесі зерделенді.

Бүгінде бүкіл әлем денсаулық сақтауды қаржыландырудың үш негізгі үлгісін қолдануда: бюджеттік, сақтандыру және аралас.

Бюджеттік үлгі Ұлыбритания, Испания, Италия, Швеция сияқты елдерде қолданылады. Әлеуметтік сақтандыру Германия, Франция, Бельгия, Корея, Жапония, Словакия, Шығыс Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде, жалпы 30-ға тарта елде бар, ал жеке сақтандыру АҚШ-та қолданылады. Бірақ, көптеген елдер тиімділігі дәлелденген бюджеттік және сақтандыру үлгілерін аралас түрде қолданады. Қазақстан үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып, медициналық сақтандырудың аралас моделін енгізетін болады.

Бұл: Денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын; Медициналық қызметтердің жоғары сапасы мен қолжетімділігін; Медициналық көмектің кең ауқымды пакетін қамтамасыз етеді. Басқа елдермен салыстырғанда Қазақстанда медициналық сақтандыру қоры аударымдарының көлемі бойынша ең қолайлы жағдай жасалған.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан республикасы Үкіметінің 2016 жылы 1 шілдедегі № 389 қаулысына сәйкес құрылған.

Қордың мақсаты медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру арқылы елдің әрбір азаматын күтпеген жерден жоғары шығыстардан қаржылық қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Қор-өз қызметін тұрақты даму қағидаттарында жүзеге асыратын, халықтың сенімін пайдаланатын және медициналық қызметтер нарығын дамытуға жәрдемдесетін әлеуметтік бағдарланған транспарентті ұйым.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы облыстағы аудан, қалалардағы тұрғындарға МӘМС жүйесінің артықшылықтарын түсіндіру, әрі жүйеге қатысушылардың мәртебесін өзектендіруге байланысты ақпараттық-насихаттық шараларын жүргізу мақсатында аталған қордың бас сарапшысы Нұрұллаева Гузаль Сабыржанқызы ауданымызға 5 сәуір күні келіп, аудан әкімдігінің мәжіліс залында арнайы жиын өткізді.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Бағдат Айдарбеков, мекеме, бөлім басшылары, жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Бағдат Бегманұлы жүргізіп отырды. Гузаль Сабыржанқызы жиынға қатысушыларға ӘМСҚ мен МӘМС жүйесінің жұмыс барысы мен атқаратын қызметтері, олардың артықшылықтары мен халыққа тиімді тұстарын арнайы слайд арқылы түсіндіріп өтті.

Мәселен, МӘМС жарналарын



тұрақты төлейтін және «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі бар азаматтар медициналық қызметтердің неғұрлым кең тізбесін қосымша төлемсіз-ақ ала алады. Оқырман қауымға түсінікті болу үшін жиында айтылған, слайд арқылы көрсетілген түсіндірме жұмыстарының негізгі деген тұстарын өздеріңіздің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

## Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру тізбесіне мыналар кіреді:

1. Амбулаториялық жағдайдағы медициналық көмек (ауруларды диагностикалау және емдеу): профилактикалық медициналық қарап-тексерулер (ТМККК бойынша көрсетілетіндерді қоспағанда); МСАК дәрігерлерінің жолдамасы бойынша бейінді мамандардың қабылдауы және консультациясы; бейінді мамандардың созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық бақылауы; халықтың жекелеген санаттарына шғыл және жоспарлы нысанда стоматологиялық көмек көрсету; тізбеге сәйкес диагностикалық қызметтер, оның ішінде зертханалық диагностика; тізбе бойынша басқа рәсімдер мен манипуляциялар;

2. Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда); сондай-ақ елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына әкелетін аурулар кезінде және оларға күдік туындаған жағдайларда үйдегі стационардың қызметтері.

3. Жоспарлы нысандағы стационарлық жағдайларда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда).

4. Шғыл нысандағы стационарлық жағдайда мамандандырылған көмек, оның ішінде тәуліктік стационар жағдайында емдеуді талап етпейтін диагноз қойылғанға дейін тәуліктік стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шаралар жүргізу (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда).

5. Медициналық оңалту.

6. Патологиялық-анатомиялық диагностика.

7. Өлімнен кейінгі донорды дайындау.

8. МӘМС жүйесінде көмек көрсетілген кезде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету; денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларына сәйкес стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда); сондай-ақ елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауына әкелетін аурулар кезінде және оларға күдік туындаған жағдайларда үйдегі стационардың қызметтері.

нарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек; уәкілетті орган бекітетін белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттары үшін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың тізбесіне сәйкес амбулаториялық жағдайларда медициналық-санитариялық алғашқы және мамандандырылған медициналық көмек.

## МӘМС үшін кімге және қанша төлеу керек?

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мен айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінің артуына байланысты міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар мен аударымдар мөлшері өзгерді.

Жұмыс беруші – жұмысшының еңбекақысының 3%-ын, бірақ 18 мың теңгеден аспайды, өйткені есептеу объектісі 10 ЕТЖ-нан аспауы тиіс. МАҢЫЗДЫ: егер жұмысшы 15 жеңілдік санатының біріне жататын болса, онда ол үшін аударым жасаудың қажеті жоқ.

Қызметкерлер, оның ішінде азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатындар – өз табысының 2%-ын құрайды, бірақ 12 мың теңгеден аспайды, өйткені есептеу объектісі 10 АЕК-ден аспауы керек.

Жеке кәсіпкерлер және жеке практикамен айналысатын адамдар – ЕТЖ-ның 1,4 еселенген мөлшерінің 5%-ы немесе 4 200 теңге.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар БЖТ төлейді: - қала тұрғындары үшін-1 АЕК немесе 3 063 теңге; - ауыл тұрғындары үшін-0,5 АЕК немесе 1 531,5 теңге.

Дербес төлеушілер – ЕТЖ-ның 5%-ын немесе 3 000 теңге. Мемлекет азаматтардың 15 жеңілдікті санаты үшін төлейді – бұл 11 млн-нан астам адам. Ағымдағы жылы бір адам үшін жарна мөлшері 3 614,2 теңгені құрайды.

## Мемлекет есебінен сақтандырылған жеңілдікті санаттарға келесі азаматтар жатады:

18 жасқа дейінгі балалар; жұмыс істемейтін жүкті әйелдер; бала үш жасқа толғанға дейін оны тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адамдар; жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға, сондай-ақ баланы үш жасқа толғанға дейін күтуге байланысты демалыста жүрген адамдар; «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наград-

талған көп балалы аналар; мүгедек балаға күтім жасайтын жұмыс істемейтін тұлғалар; бала кезінен мүгедектерге күтім жасаушылар; мүгедектер; зейнеткерлер мен ҰОС ардагерлері; орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алатын адамдар; жұмыссыз ретінде тіркелген тұлғалар; жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар; жұмыс істемейтін оралмандар; қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар; тергеу изоляторларындағы адамдар.

Егер сіз көрсетілген санаттардың біріне жататын болсаңыз, бірақ сақтандырылмаған болсаңыз, онда растайтын құжаттардың тізімін жинап, оларды ХҚКО-ға ұсыну қажет. Ақпаратты растау үшін мемлекеттік органдарға жіберілетін болады. Барлық қажетті рәсімдерден кейін мемлекет Сіз үшін жарна төлейді және «САҚТАНДЫРЫЛҒАН» мәртебесі жеңілдікті санаттағы өкіл ретінде берілетін болады.

## МӘМС жүйесінде мәртебеңізді қалай тексеруге болады?

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі мәртебеңізді бірнеше жолмен тексеруге болады.

1. Электрондық үкімет порталы Egov.kz.

2. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының fms.kz. ресми сайты

3. Goldau 24/7 мобильді қосымшасы.

4. Telegram-дағы @SaqtandyrBot боты.

Жиында жоғарыда айтылған түсіндірмелер бойынша бірқатар жиынға қатысушы азаматтар «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» Түркістан облыстық филиалының бас сарапшысы Гузаль Сабыржанқызына сауалдар қойып, оған тиісті жауаптарын алды.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Бағдат Бегманұлы Гузаль Сабыржанқызына жиынға қатысушылар атынан алғыс білдіріп, аудан көлемінде МӘМС жүйесінің артықшылықтарын түсіндіру, оған жергілікті халықты көптеп қатыстыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп отырғандығын және де алдағы уақытта да бұл жұмыстар қарқынды жүргізіле беретіндігін айтты.

Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ.

# Кіші қажылық.

Бисмиллаһир рахманир-рахим! Осы жылдың ақпан айының он тоғызыншы жұлдызында Шымқаладан екінті намаз уақытында әуежайға жиналды. Қажылыққа баратын 180 адам екен. Үш топқа бөліп, үш имам жетекші болатын болды. Ол жаққа барғанда не істеу керек, қалай жүріп тұру керекін түсіндіріп жатыр. Қай жерге барғанда қандай дұға оқылу керек, дұғаларды телефонға түсіріп береміз. Қазір осы жерде ер кісілер киімдерін шешіп ихрам орану керек. Шекарадан бастап бөтен киім болмауы керек екен. Бізге бөлек-бөлек екі ақ мата берді. Ішке кіріп ауыстырып жамылып алдық. Әйелдер ұзын көйлек, басына жүзін ғана көрсетіп орамал тағып жүрсе болады. Аяқ киімнен жеңілі дұрыс болады, киіп шешуге. Барлығына жеңі жоқ нымша, бір-бір асынып жүретін сөмке берді. Барған соң адамдар арасында бір бірінді оңай тауып алуға болады деді. Кеш болды құжаттарды дайындап қолымызға берді, шығарып салушылармен қайыр-қош айтысып алаңға шықтық. Біз, мән қосағымыз және үлкен қызым үшеуіміз ниет етіп шыққанбыз. Бұл ұшақ жаңадан ашылған компания екен, жолай қонбай тура ұшып барады екен. Ұшаққа отыру басталды, отырып жайғасып алдық. Көкке көтерілген соң, бір-бірімізге ниет қабыл болсын деп айтып тілек тіледік. Сапарымыз сәтті болғай, Ниет тілегіміз қабыл болсын, жолымыз оңынан болсын ия Аллал-деп жалбарындық. Жан жағыма көз салсам баршасының кеуілдері сергек, жүздері жарқын. Барып қонғанша асығыс сияқты, бір қалыпты ұшып келеміз. Имамдар «шекараға кірген соң мына дұғаны бәріміз айтамыз дайындалып отырыңыздар бұл міндет екен» деді. Біраз уақыттан кейін екі жігіт бізге тамақ үлестіре бастады, жеңіл тамақ, шәй, кофе, су беріп жүр. Рахметімізді айтып, берген тамақты ішіп алдық. Имамдар жауағыз айтып жатыр, сұраққа жауап береді. Кеуілді отырмыз, анда-санда хабарлап қояды, пәлен елдің үстінен өтіп барамыз деп айтып отырды. Мына дұғаны оқыңдар «Ләббайк Аллаһума ләббайк, инналлахмада уәннимәтә, ләкә уәл мулка лә шарика ләк»

Шекарадан өттік, қонуға тақауымыз, жаңағы дұғаны бәріміз айтайық деп дауыстады, бәріміз дауыстап қайталап айтып отырмыз. Өзіме бір жеңілдік пайда болды, сергек отырмын. Барып көргенше, асығыс сияқтымын ба қалай? Әйтеуір бір серпіліс бар екені рас. Қонатын жерді бір айналып, жерге аман-есен келіп қондық. Ия, Алла өзіңе сенім артамыз, иман келтіреміз, ниет тілегімізді қабыл ете көр деп жалбарынып, қасиетті жердің топырағын бастық. Түскен жеріміз Жидда қаласы екен. Құжаттарымызды алып ішке кірдік, өкілдер бес-алты жерде отыр екен. Бәріміз бетперде тағып алғанбыз, кезекпен барып құжаттарымызды бердік, бәрін тексеріп енді осы елдің азаматысың дегендей мөр басып, қолымызға ұстатып жатыр, бәріміз болып сыртқа шықтық. Бізді үш автобус күтіп тұр екен, қоржын қосқалаңымызды сүйретіп бардық. Жастар жүкті жабылып салып жатыр, оларына да рахмет. Көлікпен 60-70 шақырым жүрдік-ау, қалаға келіп, үлкен қонақ үйдің алдына келіп тоқтадық, жүгімізді түсіріп, ішке кірдік. Имамдар жатар орынды айтып, жоғары жедел сатымен жіберіп жатыр. Мені соңында 22-ші қабатқа ертіп апарды, төрт төсек екен, сонда орналастым. Қасымдағы серіктеріммен таныстым, олар бір-бірімен таныс екен. Елден шығып бұл жерге келгенше 7-8 сағаттай болар бір екі сағат көз шырымын алу керек, таң жақын. Алла нәсіп етсін, азда бамдаттан бастауымыз керек. Ол жақтың сағаты үш сағат кейін екен. Азанғы бестен тұрып әрекет жасайсың, суға түсіп, дәрет алып, сыртқа шықтық. Көлік есік алдына келіп тұрады екен, соған мініп тау астын тескен жолмен бардық

арғы бетінде екен, жақын, бір жағым шақырым жол екен. Көліктен түсіп, көп қабатты үйлердің асты кең жеңіл көліктер жүріп тұратын, жер екен, содан өтіп, арғы бетке шықтық. Мешіт пен екі ара ашық жерді мраморлап тастаған. Керемет десе болады, мешіт айналасын көп қабатты үйлер қоршап тұр. Ішке кірер есіктері кең, әр қабатында бар. Қағба мешітіне кірген жерден жалаң аяқ жүресің, бәріне мрамор төсеп тастаған. Қағбаны айнала отырып, намаз оқитын кілемшелер төсеп тастаған, халық өте көп кештеу барсаң мрамор үстіне отырып, намаз оқиды екенсің. Азан шақырып арасын біраз үзеді, барған бетте екі бас парыз нәпіл намазын оқыдық. Бамдат намазын оқып болып, қайтадан шығып, жаңағы жолмен көлікке мініп, қонақ үйге бару керек. Мешіттен шыққан кезде халықты көрсен алаң ығы-жығы толып кетеді, қай жақтан келгеніңді білмей адасады екенсің, көк нымша кигендерді іздеп, арқасында Қазақстан деген жазуы бар көрсен, соның соңынан еріп жүресің, арамызда бұрын келгендер бар екен, солар бастап жүреді. Имамдар бір-екі мәрте көрсетеді, азанғы ас сағат жетіде беріледі. Содан соң қағбаға барып тәуап жасауға жиналды. Көлікке отырдық, мешітке кіре берісте қағбаның есігі бөлек екен. Ихраммен жүргендер ғана кіреді, есік алдында адамдары тұрады, қағбаға кіріп жиналды мұнда да әр түрлі елден келгендер зиярат жасап жүр, халық көп. Бәріміз жиналдықты айтылып дұғаларды айтып жүрміз, сол кезде дененің бір ерекше сезім билейді. Дұғаны айтып тұрып жылағандарды көріп, меніңде көзіме жас келді. Бір тебіреніс «Алла үшін жылаған айып емес» сөз бар басталып кетті. Ойыңдағы бар тілекті жеткізе алмасаң да барымен тебіреніп, Аллаға жалынып, жалбарынып, қағбаны айнала бастадық. Қағбаны бір қоршаумен жүре алмайтындырды арбамен итеріп, жүретіндерді бір қоршаумен бір бөліп тастаған. Еркін жүріп, айналуға жағдай жасаған. Қағбаның айналасы кең, халық көп, сонда да еркін жүре алады екенсің. Қағба түбінде үш-төрт әскери адамдар тұр. Олар бақылаушылар екен, дұғамызды айтып жеті рет айналып шақтық. Жаңағы жүрек тебіренісіміз сәл саярысыды, өз-өзімізге келе бастадық. Қуаныштымыз бір-бірімізге қабыл болсын айтып риза көңілмен жүрміз. Дұғамыздың қазақша айтылуы:

Ей, Алла жұмысымыздың асылы болған дінімізді ислах қыл. Тұрар жеріміз болған дүниемізді ислах қыл. Барар жеріміз болған ахиретімізді ислах қыл. Дүниедегі барша жақсылықтарды зияндысымен бер. Өлімде барша жамандықтардан құтқаратын рахым қыл.

Аллаһым сенен пайдалы ілім, мол ризық және қабыл болатын амал сұраймын. Аллаһым ниетпен тілегімді қабыл ете гөр- деп айтылатын тілек дұғалар.

Екінші құлшылық Сафа мен Мәруә тау арасы екен. Екінші құлшылық қылып сиынатын жер Мәруә, Сафа тауы шағын тау Әби Құбайыс тауының астында төменгі жағына орналасқан. Қағбаның оңтүстік шығысында жатыр және одан қашықтау шамамен 130 метрдей жерде орналасқан. Ақ тастан тұратын «Сай» осы сайдан «тауап» басталады. Ол қағбадан 30 метрдей қашықтықта орналасқан. Сафа мен Мәруә арасындағы қашықтық және оның ұзындығы 395 метр, ені 40 метр екен. Бұл жердің де дұғасы бар. Төбесі жабық үстіңгі жағы на-

маз оқитын аймақ болар, бұл жерді де айналып дұғасын айтып жүрміз. Сол ұзын залдың орта тұсында, төбеде ұзындығы он шақты метрдей жерінде тұтас жасыл свет жағып қойған, сол жарыққа келгенде ерлер қорбандып қорыққан кейіппен жүргендей болып өтеді. Әйелдер бірқалыпты жүріп отырады, бұл міндетті де атқарып шықтық. Сафа мен Мәруә тауы Меккенің орталығында, қағбаның шығыс жағында орналасқан, қағбаға жақын, екі шағын төбе ортасы сай. Бұл төбелер арасындағы сай Исмайыл пайғамбардың (ғ.с) анасы Хажарды (оған Алланың сәлемі болсын) еске алуға арналған. Хазіреті Ибраһим (ғ.с) Алла тағаланың әмірімен жары Хажармен кішкентай ұлы Исмайылды елсіз шөлге болашақ Мекке аймағына алып барады. Хажар ана оның тағдырына Алланың бұйрығы болғандықтан кішіпейілділікпен қабылдайды. Оның рахымы мен қорғауына сенген Хажар ана қолындағы сәбиімен айдалада қалады. Әйел мен бала сусыз тау арасында, су жоқ, тамақ тапшы, Хажар ана жан-жағына қарап, баланы сайға отырғызып, су іздеп, әр тауға бір шығып, баласын ойлап, ана таудан ана тауға қорқып, жүгіріп жүреді. Бір тауға шығып, балам қайда деп көз салса жанында жалтырап су көрініп жатыр екен. Бұны көрген Хажар ана қуанып кетіп, балаға қарай жүгіре жөнеледі. Келсе, баланың қасында қайнар көзі ашылып, су шығып жатыр екен. Хажар ана Аллаға тәубә қылып, шүкіршілік етеді. Судан ішіп, зәм-зәм деп судан ішеді. Ана мен бала сол жерде өмір сүреді. Зәм-Зәм суы қасиетті су осылай аталған екен. Екі тау арасында, әйел мен бала сол су маңында ғұмыр кешкен екен. Алланың шапағатының арқасында шығар. Парызды өтеп болған соң, «Айша» қонақ үйіне келіп дем алып, Айша анамыздың мешітіне қабірстанға көлікпен біраз жер екен, мұнда да зиярат қылып, келіп, кетіп жатқандар жетерлік. Мешіті үлкен, қабірі ішінде екен, бағыштап намаз оқыдық. Сол жерде ата-баба, әке-шешемізге бағыштап намаз оқып, дұға бағыштадық. Пайғамбарымыз үмметтеріне Айша ананың басына бармай-ақ жүрген жерінде екі бас нәпіл намазын оқып, бағыштауға рұқсат еткен екен. Ол жерден қайтып бесін намазына Қағба мешітіне бардық, намаздан кейін сол жерде қалып демалып, құран кәрім кітабын алып, оқып отыруға болады екен, көбісі құптан намазына дейін нәпіл намазын оқып, әке-шешесіне, ата-бабасына, жақындарына дұға оқып отырады. Ата, әке, ағаларымыздың арманы боп кеткен қажылық ұрпақтары, бізге бұйырды. Бұған да Аллаға мың да бір шүкір деп айтамыз. Алламыз бізден кейінгі ұрпақтарымызға нәсіп етіп жолын ашып, ниеттерін қабыл етсін деп Алладан тілеймін. Екінші күні сәске шамасында Қағбаға келдік, кешегідей қайталау керек. Бұл жолы ихрамнан қолымыз иықтан жалаңаштап шығарып жүрдік, бәрін өтеп болған соң қонақ үйге қайттық. Құдіреттілігі соншалық келушілер күннен күнге көбейіп келе жатыр. Бұл жерде адамның жүрегінде қандай да бір жылылық ұялайды екен. Қалай айтып жеткізуді білмедім, ойдың бәрі Аллаға құлшылық қылып сиыну ғана, басқа ой кіріп шықпайды санаңа. Бар жақсылық, мейірімнің адалдықтың қайнар көзі десе де болады. Мекке-Мадинаға Қағбаға тәуап қылу осымен аяқталды. Ерлерді ихрамсыз ол жерге қайтып кіргізбейді, әйелдерге ғана рұқсат береді екен. Ол жерден қайтқан

соң, қонақ үйге келіп, ихрамды шештік. Әркім өз қалауынша киініп жүре береді. Ендігі тірлік сырттағы Әмбие-Әулиелерді аралап, мешіттерде екі бас намаз оқып, дұға айту керек. Шаш алдыру, тырнақ алдыру, ырымдары мен шашы елден өсіріп келген шаштаразға барып ұстармен алдырдым, тырнақ алу жобасын жасадық. Міндеттеген бес уақыт намазды мешітке барып оқимыз, көлік дайын, апарып әкеліп жатады. Тек өзің дайын болып тұрсаң болды, ас мәзірі керемет бәрін дайындап қойған. Не қалайсың ең аяғы өрік, қауын, дарбыз, алмалар қалаған тамағыңды қалауыңша алып ішесің. Тамақты азда бамдаттан соң, кешке ақшамнан келген соң ішеміз. Тамақтары дәмді, басқа уақытта қарнымыз ашпайтын сияқты. Ол жақтың наны қатырма, пәтір, ақ бөлке нан пісіріп қояды. Бізге таңсық сияқты қызығып жейміз Ал зәм-зәм суын мешітке барған соң ішеміз іште жағалай әр жерге қойып қойған ыдысы дайын, қалауымызша ішеміз. Сыртқы алаңда да бар кешке ішер болсақ кішкене ыдыстарға құйып аламыз, жатарда шәй қойып ішеміз. Намаз арасында сол жерде отырып Құран Кәрімді оқып, қалауынша отырады. Екі бас намаз оқып әке-шеше туыстарына бағыштап дұға етуімді тілегендердердің тілегін орындадым. Ниет тілегі қабыл болсын деп аты жөндерін атап дұға оқыдым. Азан шақырып болған соң, өзімізше сүннет намазын оқимыз. Намаз соңында міндетті түрде жаназа намазы оқылады. Азанғы бамдат намаздан сыртқа шыққанда екі үш мәрте көрдім қайтыс болғандарды табытқа салып көтеріп бара жатқандарын. Бір көргенім тіпті көп оннан асып кетті. Жаны жаннатта болсын деп, дұға жасап бетті сипадық. Дегенмен ойланп қалады екенсің, көргенімізді басқаларға айтадық. Азанғы астан соң, қонақ үйде намазханада бас қосамыз, дұғаларды жаттағанымызды сұрады, білетіндері айтып жатты бар білерін, мен қағздан жазғанымызды оқимын. Молдалар сұрақтарға жауап беріп жатыр, Тағы бір сұрақ түсті. Түсімде дейін: Алла тағаланы көру мүмкін бе, деген сұраққа мол-декең жауап берді, кейбір ғалымдар мүмкін емес десе біреулері мүмкін деп жауап береді. Ғалымдар түсінде Алла тағаланы мүмкін оны әрі дұрыс екеніне бірауыздан келіскен. Алайда ұйқыда жатып Алланы өзіне лайық болмаған дене кейпінде көрсе (көрген нәрсесін). Алладан өзге нәрсе деп біледі. Өйткені хақ тағаланы әлдекімге ұқсату мүмкін нәрсе емес деген ғұлама Ибн Әл-Бақилани. Түсінде Алла тағаланы көру - жүрекке ой-қиял болжам туғызады. Бұл нәрсе жаратылысқа тән нәрсе болған немесе болып жатқан істерде кездеседі. Салаф салиқиндердің алғашқы мұсылмандар буындары түстерінде Алла тағаланы көргенін тұспалдап түсіндірген. Имам Бағаул құдіретті Алланы көру қалытқысыз әділетті сезімде, сүйсінген жағдайда, дархандық та жақсылық та жүзеге асады. Адам түсінде Алла жаннатты кешірімді немесе дозақты құтқаруды уәде етсе, оның сөзі хақ, айтқан уәдесі шын болмақ. Құдайдың назары ауса, оның мейірімі, ал бет бұрса, күнәдан ескертуден түсінеді. Құран Кәрімде солар ақыретте ешқандай үлес ала алмайды, алмайтындар хәм қиямет күндері Алла олармен сөйлеспейді, назар да салмайды деп, баяндалады деп, айтылады Құран Кәрімде.

Түсінде Алла тағала байлық беріп жатса, пендесі оны алса, алған нәрсесі сынақ, бейнет және дерт деп біледі.

# Мекке-Мәдинаға сапар

Соны ойлап оның тынышы кетеді, мазасызданады және сол арқылы үлкен сауапқа кенеледі. Осындай таңғажайып түс көргенде Алла тағалаға мақтау айтып, шүкіршілік ету керек. Өйткені ол бір игілік, пенде қаласа оны сенімді адамына айтуға қаласа айтпайды. Енді бірі Алла Тағаланы түсінде көру болмайтын жалған іс, өйткені түсінде көргені қиялдан өзге нәрсе емес, Алла тағала одан пәк, бұл жайында сөз қатпау абзал.

Алла тағаланы түсінде көру мүмкін емес көргені жәй қиял ғана. Ондай ғажап түстерді Құранмен сүннетке сәйкес тәуелді етіп ауыспалы, астарлы түрде жеткізеді. Бұл ретте Алла тағалаға ұқсас еш нәрсе жоқ деген қағида ұстанып, Хақ тағалаға кейіп, сурет, келем, пішім шек тарап берілмейді. Алла әрбір айып, кемшіліктерден ада, пәк, таза деп біледі. Ең дұрысы Аллаға ғана мәлім, Құран Кәрімдегі сүре аяттарынан деп, бізге түсіндіріп берді. Қажы молдекеңе “рахмет сізге Алланың нұры жаусын дестік, мақұл жақсы!” деді. Сонымен ендігі алдағы сапар жайында хабардар болыңыздар. - Құрметті қажылар сағат ондар шамасында есік алдына көлік келеді, тегіс келіңіздер!- деді. Шамалы дем алып, шәй қойып іштік, жолай шөлдейміз деп. Уақытында жиналып көліктерге мініп жайғастық, бисмилла деп жолға шықтық, қаланы аралап келеміз. Біздің елдегідей жолда бағдаршам көрмедім, үлкен жолдар кездескен жерде ғана бар-ау, жүрген көліктер сирек. Көше бойы ортасында көгеріш талдар бар, әлде жасаңды ма талдар өте сирек, тау беткейлерінде тал түгілі шөп көрген жоқпын, тап тақыр. Ауасы құрғақ күн ысыса ауасы тарылып кетеді ау, бізді демде шаршатып тастайды. Биік таулар көп емес ұзақ тау жерде таулары жеке жеке бір-біріне аздап қана жалғасқан. Жауын, қар дегенің өте сирек жауады- ау, түнге қарай шамалы салқындайды, былайша ауасы бірқалыпты. Көйлекпен жүре беруге болады. Сонымен қаладан шеткері биіктеу тауға келдік, алды қоршаулы мұнда да біраз адамдар бар екен, молдамыз тау басына шықпай -ақ қойыңыздар, шаршап қаласыңдар қажекелер осы жерде отырып дұға бағыштайық деді көбіміз, кәрі- құрған ол тауға шыға алмаймыз расында. (Сәуір тауы)

Дұға оқылды, ниетімізді, тілек дұғамызды бағыштап болдық, шамалап тау жайлы тарихын айтты. Тау басындағы үңгір Мұхамметке (с.ғ.с) пайғамбарымыз соңына түскен (пұтқа табынушылар) жаулардан қорғанып тау басындағы үңгірге келіп тығылады, қуғыншылар да артынан іздеп жетеді, қуыс қуысты қарап тініп жүріпті. Ол ұзаған жоқ, осы маңда іздендер деп, жабыла іздейді. Біреуі мұнда үңгір бар, бәлкім осында жасырынған шығар дейді. Сол жерде қуғыншылар дауласады, ол мұнда кірмеген қарасай үңгір аузына өрмекші торын салып қойған, басқа жақты іздейміз деп, ол жерден кетіпті. Пайғамбарымызға Алланың шапарты түсіп өрмекші жіберіп, аузын торлатып қойған. Алла болашақ елшісін осылай жаудан құтқарған. Сабыр тауының сыры осындай екен. Ол жерден шығып, бір жерге келдік. Жайуаттау тауы аласа, ұзыншақ, жота болып көрінді. Төменгі жағында сиынушылар өте көп. Мешітте тау төбесінде де қажылар топ-тобымен жүр. Біздің хажы молдалар мына тау басына шықпай-ақ қояйық, онда жаукершілікте қаза болған сахабалар жерленген, ол жерді баспай-ақ қояйық деді. Бәріміз тастардың үстіне жайғасып отырдық. Молдамыз дұға оқыды,



бізде ниет тілегімізді айтып, Алладан шапағат тілеп, шейіт болғандарға, бағыштап аумин дестік. Бұл таудың аты Ұқып тауы деп аталады екен. Ұқып заманында Пайғамбарымыз пұтқа табынушылармен төбе басында тұрып, 70 садақшы сахабаларына осы жерде болыңдар ешқайда кетуші болмаңдар, артымыздан аңдушы жаулар болуы мүмкін деп, тапсырма беріп, басқа сахабаларын ертіп, соғысқа кіріп кетіпті. Жауды жеңіп, артқа қарай шегіндіреді, жау жағы қаша бастайды. Мұны көріп тұрған садақшылар қуанып, Аллалап солай қарай жүгіре жөнеледі. Мұны бақылап отырған жаулар арт жағынан садақ оғымен бәрін жайратып салады. Пайғамбарымызда сол соғыста қатты жараланыпты. Қаза болған сахабаларды осы тау басына жерлеген екен. Арапат тауында мұсылмандар бірігіп, Аллаға жалбарынып, бас иетін екі бас намаз оқып, иа Алла өзіңе сенім артып, иман келтіргендердің күнәсін кешіре гөр, күнәмді мойындаймыз, өзіңнен жәннатты сұраймыз бір Алла деп жалбарындық. Бұл тауды Ұқып тауы мешітінде нәпіл намазын оқыдық. Бұл жерден көлікке мініп тағы жолға шықтық. Жолай айтып келеді, оң жағымызда Хадиша анамыздың жатқан қабірстан деді. Жолдың екі жағы көгеріш сиректеу талдар бар менің көргенім екі түрлі тал құрма талы мол екен, тағы бір талды көрдім тани алмадым жеміс бере ма жоқ па? Басқа танитын тал көрмедім. Орталық қаласы сәнді сәндеген саз шөптері де көкпенбек құрма ағаштарының төменгі сабақтарын бұтап тастапты төбесінде ғана бар. Оңаша айнала жазық оқшау биіктеу төбе жау тұр, тасы өте көп алаңға келіп тоқтадық. Бұнда да көлік те адам да көп, алаң шетінде үлкен базары тұр, аралап келеміз, оқшау тұрған үлкен тастың жанына келіп тұрдық, тау үстінде адам өте көп, ол жаққа шықпай-ақ қояйық бір-бірімізді таппай қаламыз, намаз уақыты да таяп қалды. Сол жерде дұға оқып, тілек тілеп, бата жасадық. Негізінде садақа беретін жер осы жер екен, тілегінді қабыл ететін, елдегі бауырларым беріп жіберген садақаларын доллармен реалға ауыстырып алғанмын, сол жерде бергендердің атын атап бәрін беріп шықтым. Бұл жерде көп аялдамай көлікке қайта отырдық, жолда жүріп келеміз. Бұл жақта көгершін

де өте көп, оларға арнайы бидай сеуіп бағады екен. Топтанып ұшып жүргенін көрген емеспін, қай жерде көрсен топтанып жеп отырады, суды қайдан ішеді даладан. Қағба сыртында үйлер арасында төбесі жабық, екі жағы ашық алаң кептерлерге арналған ау, өте көп, олар да бидай жеп жүр. Жергілікті тұрғындар қалта қалтаға салған бидайды сатып жүр. Басқа құс түрлерін көрмедім, үлкен жолмен жүріп келеміз, қала шетіне таман ескі мешіт көрдім, адамдар жүр, онда да бірақ аздау. Бұл Бәйа мешіті екен. Медианаға жақын екен. Жамарат көпірінен түсетін жолдың оң жағында. Ол Гранд (үлкен) мешітке бет алады және Әл-Ақла Джафар Әл-Мансұр, Хижраның 144-ші жылы 761 жылға сәйкес келеді екен. Пайғамбарымыз бен әл Ансарлар арасында Мәдинаға хижра жасамастан бұрын Ақбаның бірінші жән екінші серті болған жерде тұрғызған. Ол бірнеше рет жаңартылған және оның қазіргі құрылысын Сұлтан Абдул Маджид Хан Әл-Османидың бұйрығымен 1250 жылы оның ауданы шамамен 375м2 болды. Тағыда жол бойында сыртын айнамен жапқан- ау жол жағындағы беті айнамен жабылған мешіт- ау деп қалдым. Өте көне сияқты көрінді. Тағы да көне құрылыстарды көрдім сыртынан. Құнанбайдың салдырған мешітін көре алмадым, естүімше жаңа салынған көпқабатты үйлердің арасында қалған сияқты. Тек жол жөнекей көргендерім бұл біздің уақытымыз аз, емін- еркін аралауға болмайды. Жол жөнекей айтып келеді, бірін көрсем бірін көрмедім. Мына тау Пайғамбарымызға сүре аяттар түскен тау деді. Оқшау жеке биік тау басы құзды қай жағынан шығатынын көрмедім. Ол таудың басына шыққан Пайғамбарымызға Алладан түскен сүре аяттарды елшісіне жаз дейді екен, Пайғамбар жаза алмаймын деп үрейленіп шынын айтады, үш қайта айтады. Онда жаттап ал депті. Алламыз пайғамбарға аяттарды айтады екен, оны жаттап сахабаларына айтып жаздырады екен, Құран Кәрім Алланың айтуымен осылай құралып жазылыпты, бұл тау Алладан Құран түскен тау екен. Тағы бір тауды маймылдар мекені деді, ол жерді көре алмадым. Жол жөнекей үйлер арасынан байқалмады.

## Құрма бағы

Жүріп отырып құрма бауына келіп түстік, үлкен бау, бау ішіне кіре берісте қаланған тастар арасынан ағып жатқан су көрдім. Келгелі ашық ағып жатқан суды көрдім, алды тоғандаулы қайдан келіп қайда кетіп жатқанын білмедім. Бауды сол сумен суарады- ау деймін, ұзын- ұзын сарғыштар жатыр. Бау асты қоңыр салқын, әдемі, кеуіліміз көтеріліп қалды, шай ішетін тапшандар, орындақтар, үстелдер қойылған. Жайғасып отырдық, молдалар құран бағыштады, ниет тілегімді айтып, аумин дедім, орнымызға отырып жайғастық. Бір жігіт дәу шәйнекпен шәй беріп жүр, әңгіме дүкен құрып біраз отырдық, әлгі көретұғын жерімізді жауып тастапты, оразаға дайындық жүріп жатыр екен. “Ее бұғанда шүкір!” дестік біраз нәрсені көрдік қой, дұға жасап, тілек тілеп, келеміз әйтеуір бәрі қабыл болсын.

## Құрма талының өсуі

Құрма ағашы бұжыр-бұжыр шыққаннан жапырақ салады, мерзімінде жапырақтарын кесіп алып тастайды. Өте баяу өсетін тал- ау ұзақ жасайтын шығар, дінгеі бұдыр- бұдыр адам мінезіне ұқсайды екен. Жоғары жағының жапырақтарын қалдырады, оны сындыруға болмайды, жоғары ұшын сындырса өспей қалады, ерекше күтім керек екен. Құрма бауына арнайы адам қояды күтіп баптауға. Көктемде гүлдеген кезде аталық аналықты жұптастырады. Жігіт пен қыздың некесін қиғандай екеуін жұптастырады. Олай болмаған жағдайда жеміс бермейді. Бағбанның міндеті гүлдер кезде ұшына бір топ шыбық шығып, сары гүл ашады, сол гүлдері өте нәзік болады ау өйткені бұтақ арасында тұрады екен. Күзде піскенде 200 кило одан да көп жеміс береді дейді. Құрманың түрі көп екен, Мұхаммед (с.ғ.с) өз қолымен құрма өсіріпті, жемісі қара болады дейді. Сыртқа шығармайды, қасиетін жоғалтпайық дейтін шығар. Құрманы мешіт ішінде садақа ретінде таратады, қабыл болсын деп біреуін аламыз. Көбіне садақаға қолданады- ау. Саяда біраз отырдық дем алып. Құрманың сыр-ын білдік, құрамы күшті, қасиетті жеміс екен. Біздің жас кезімізде сырттан келген құрманы жарықтық Пайғамбарымыздың тісі екен деп, етін пышақпен алып бөліп жеп отыратын. Ташегін жинап, тәсілі қылып, тізіп алатын еді, ол жерден шығып көлігімізге отырдық, мейманханаға келдік. Намазға дайындық басталды, ендігі қалған уақытты намаз оқумен айналысамыз. Мешітте отырғанда жаныңа жайлылықты сезінесің, уақыт өтіп жатыр. Бұл жердегі құлшылықты аяқтап, Мәдинаға жолға шығуым керек, бұл жақта бір апта уақыт өте шықты. Жолға дайындық, қоржын қосқалаңды дайындап қойдық. Бесіннен кейін жолға шықтық, іштей қоштасып. Е, Алла-хым қайта келіп қауышуға сиынуға шақыра көр. Я Жаратушым келуімізге нәсіп еткелісің деп, құлшылық қып көздеріне жас алып жатқандар бар, қоштасып тұрып, өзім де толғандым. Я Алла өзім болмасамда ел-жұртымды, халқымды, ұрпақтарымызды құлшылық етуге шақыра көр Алла!- деп тілек тіледім, қимай іштей қоштастым. Көлікке отырып, ұзақ жолға шықтық.

**Сейтжанқажы ДӘНЕҰЛЫ,  
Көктөбе ауылы.  
(Жалғасы бар).**





# Асыра сілтеудің әлегі еді

Әділеттілік мен адалдық заңы қайта орнап, өткен күнді електен тексеру күні туды. Осындай кезде 1930 жылы орын алған бай-кулак ардың, бандылардың Созақтағы Совет өкіметіне қарсы көтерілісі деген атпен тарихқа кірген оқиғаны дұрыс бағалауға назар аударылып отыр.

1928 ылы қыркүйек айында Созақ елінде 10 ірі бай конфескеленіп, мал-мүлі кедейлерге бөлініп берілді. Абақ баласы Дайырбек, Иса баласы Жанәділ бастаған 10 бай Оралға жер аударылды.

Мұнан кейін солардың жақындары, туыстары қуғынға түсті. 1929 жылы соларға ет салығын, жүн салығын үстемелеп салу басталды. Ақырында зорлық-зомбылық, асыра сілтеушілік асқынып кетті. Малды жаппай айдап әкету өріс алды. «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын» деген дақпыртпен малдан басқа сүйенері, кәсібі жоқ көшпенді қазақ ауылдары қысым мен заңсыздықтың шектен шыққан әлегін көрді. Белседі аталатын, айдап салып, айтақтап қосып жіберетін шабарман, ұрдажықтар неше түрлі қиянат жасауға еркін барды. Әйелдерді қорлау өріс алды. Осыдан шошынған 12-13, 14 ауыл аталатын тама елінің біразы өз қонысынан ауып, Сырға қарай көшіп ығыса бастады. 1929 жылдың аяғында солардың басшы адамдарын ұстап әкеліп Созақта абақтыға қамады. Мұның бәрі кінәсіз адамдар болатын. Олардың жалпы саны 17 адам болған. Тау баурайындағы елдер

де малдан айырылып, күйзеле түседі. Елді ашаршылық қыса бастайды. Абақтыдағы адамдардың өзін бағу қиындайды.

ПУ-дің бастығы Тыныштықбаев Түркістандағы өз басшылары мен ақылдасуға 1930 жылдың январь айының аяғында жүріп кетеді. Ол қамаудағы адамдарды не босату керек, не Түркістанға әкету керек деген мәселені ашуға барады. Ол кеткен соң милицияның бір қызметкері «жақында адамдарың айдалады, соған киім-кешек, асауқат әкеліңдер» деген хабарды бір танысына айтады. Қамаудағылардың жақыны жиналып, ас-ауқат, киімдерін дайындап, бірге баруға баласы Сұлтанбектің ауылына жиналады.

Оның ауылы Мойынқұмның Созақ жақ шетіндегі Сарышағыл (немесе тура тышқан) аталатын көнде отырған. Бұл ауылға 1930 жылы 5 февральдің кешінде 50 шақты адам бас қосқан. Жүрер алдында ішіндегі біреуі «адамдарды неге босатып алмаймыз. Олардың кінәсі жоқ қой» деген ой салады. Ақырында бәрі осы ойға тоқтайды. Абақтыдағыларды босатуға баратындарды Сұлтанбек Шонақ баласы басқарсын деп келісілді. Біреу баста әзіл ретінде «Сұлтанбек хан болды десеіші» дейді. Сонымен Сұлтанбек бастаған адамдар 6 февраль күні кеште Созақта келіп абақтыдағы адамдарды босатады. Қарсылық көрсеткендерді ұрады. Осы тұста аудандық партия комитетінің секретары Жүнісбеков пен аутком пердседателі Қаңлыбаевты

өлтiредi. Комсомол комитетiнiң секретарын, сотты, тергеушiнi өлтiредi. Абақтыдан Оңдыбайдың Арыстанбегi деген кiсi шықпай қалады. «Бұл бұзықтардың iсi олардың шық дегенiне мен абақтыдан шықпаймын. Менiң кiнәм жоқ, өкiмет өзi шығарады» дейдi.

Ертеңiне-7 ақпанда Бетпақдаладан киiк аулап, текенiң мүйiзiн дайындаумен шұғылданып жүрген Салықбай, Қасым деген мергендер оқ-дәрi алып, қайтуға келген екен, соларды ұстап алып, әскер құрады. Әскерге жазылғандарға азық беремiз деп қызықтырады. Азық алу үшiн бiраз адам әскерге жазылады. Оны басқаруды Дiлменбет баласы Сағындыққа тапсырады. Ханның дiн жөнiндегi орынбасарлығына Асадiлда ( ауған тәуiп) деген тама елiнен 2 әйел алған, одан 4 бала өсiрген, ертеден сiңiсiп кеткен адамды белгiлейдi.

Осылайша баста асыра сiлтеушiлiктiң қысымына шыдамай, ызыға

булыққан елдiң тарпа бас салуының аяғы өкiмет адамына қол сiлтеумен, қан төгумен аяқталды.

Ендi осыны әдейi ұйымдастырып, дайындықпен өкiметке қарсы көтерiлген бандының iсi деп бағалау керек пе, әлде Сталиндiк қаталдықтың, Голошекиннiң асыра сiлтеуiнiң салдарынан туған ызаның ойда жоқта жарылуы деп бағалау керек пе? Бұл жөнiнде сол кезде ел ағасы болған адамдардан сұрастырғанда: оны ұйымдасқан көтерiс демедi.

Мен мына адамдармен сөйлескен едiм. Борсабай Рахметов ауыл совет ағасы, Ерiмбетов Тоқабай- «Талапты» колхозының пердседателi, Жартыбаев Шеке, Омаров Кәдiрсiз, Кенжеев Мұқанбетжан, Әлиев Сүгiр, (домбырашы), Әбiлдаев Аманғазы, Жүсiпов Өмiрзақ, Маркенбаев Сәтiбай сияқты бұрынғы 12,13,14 ауылдық көзi ашық азаматтары, Шәкiрбек, Өмiрбек, Несiпбай, Нұржанбай, Әжiбек сияқты сол елдiң қарттары, «Суындық» колхозының председателi Жүсiп Абдурахитов, Киров атындағы колхоздың председателi Әбдiрасiлов Бабай, «Қайнар» колхозының председателi Тұяқбаев Әбдiқайым, «Үспе» колхозының пердседателi Дулатов Кәрбоз сияқты сол кезде оқиғаны көзбен көрген азаматтар көтерiлiсiтi кездейсоқ ашу үстiнде туған оқиға деп атап едi. Мен де солардың пiкiрiне қосыламын.

**Есiркеп ӨМiРБЕКОВ.**

## Бiр хаттың мың сыры

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Саяси қуғын-сүргiн құрбандарын толық ақтау жөнiндегi мемлекеттiк комиссия туралы» Жарлыққа қол қойған болатын. Осыған орай, 2021 жыл 4 ақпанда Түркiстан облысында саяси қуғын-сүргiн құрбандарын ақтау мәселелерi жөнiндегi өңiрлiк дербес комиссия құрылды. Нұр-Сұлтан қаласында Саяси қуғын-сүргiн құрбандарын толық ақтау жөнiндегi мемлекеттiк комиссияның бiрiншi отырысы өттi.

Мемлекеттiк комиссия құрамына ҚР Президент Әкiмшiлiгi мен Үкiметiнiң өкiлдерi, ҚР Парламентi Сенаты мен Мәжiлiсiнiң депутаттары, мүдделi мемлекеттiк ұйымдардың басшылары, қоғамдық ұйымдардың өкiлдерi мен елiмiздiң ғалымдары бар. Мемлекеттiк комиссияның басты мiндетi – кеңестiк кезеңдегi саяси қуғын-сүргiн құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әдiлеттiлiктi толық қалпына келтiру екенiн атап өттi. Материалдарға жан-жақты әрi кешендi зерделеу жүргiзгеннен кейiн, халықаралық тәсiлдер мен стандарттар негiзiнде толықтай заңды, ал жекелеген санаттарға қатысты –қуғын-сүргiн құрбандарын саяси ақтау жоспарлануда. Бүгiн назарларыңызға ұсынып отырған Созақ ауданының Құрметтi азаматы, шежiрешi, саңлақ құйма құлақ Есiркеп Өмiрбековтiң «Асыра сiлтеудiң әлегi едi» атты деректi жазбасы облыстық архивтен табылған едi.

Түркiстан облысының цифрландыру, мемлекеттiк қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Түркiстан облысының қоғамдық саяси тарихының мемлекеттiк архивi» коммуналдық мемлекеттiк мекемесiнiң қызметкерлерi мен мекеме басшысы Гүлнар Шардарбекованың зор қолдау көмегiмен бiзге беймәлiм болып келген мақаласын тауып бердi. Ол үшiн мекеме басшысы Гүлнар Шардарбекова мен архив қызметкерлерiне газетiмiздiң мыңдаған оқырмандары атынан алғыс айтып, ризашылығымызды бiлдiреміз. Оқырмандар назарына Есiркеп ақсақалдың көзi тiрiсiнде жазып, облыстық архивке тапсырған шағын мақаласын жариялап отырмыз. Сол уақыттағы саясатқа байланысты әрiне көпшiлiк адамдар Созақ көтерiлiсiн өз деңгейiнде бағалай алмайтыны айдан анық. Десе де қаламгердiң жазған мақаласында қаламгердiң жазу мәнерiнен бәрiбiр ашу мен ызаның, iштегi өшпей жатқан кектiң салқыны анық сезiлгенiн байқар едiк. Қылышынан қан тамып тұрған заманда көзсiз ерлiкке барудан гәрi, амалын тауып кеудедегi шыбын жаны аман сақтау маңызды болатын. Сондықтан да «iш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқ» деген сөз осындайда айтылса керек.

**Материалды әзiрлеген: Мақсат ҚАРҒАБАЙ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесi.**

## КИЕЛІ ӨЛКЕМ

Алла нұрын төккен өлке, Оңтүстігім шырайлы,  
Тастаған дәнің өнім беред, топырағы құнарлы.  
Бау бақшалы жүзім жидек, ақ мақтамыз сапалы.  
Еңбек құмар халқымыз бар, межеге жетпей тынбайды.

Түркістаным түркі халқының тегің- екі дүние есігі,  
Ұлыларды ұлықтаған, Ер Түріктің-аялы ақ бесігі.  
Жатыр осында әулиелеріміз, хандарымыз, зиялыларымыз.  
Ел қорғаған батырлармыз, патшаларымыз кешегі.

Түркістанда Түмен баб, Сайрамда бар сансыз баб,  
Киелі аймақ Отырар, Орда болған Отыз баб.  
Сыр шертіп тұр тарихтан, Қаратаудың теріскейі,  
Созақтағы Шашты Әзіз, Қарабура, Ысқақ баб.

Алла назарын салған өлке, әулиелі, шешендерім, билерім бар,  
Қаратауым, Келіншек тау, Ақсұмбесі ел байлығы кендерім бар.

Қарабура, Ысқақ бап, Айыртау мен Айғыр ұшқан жерлерім,  
Берендей берік осындай қазағымда ынтымақты елдігім бар.

Ата Түрік астанасымыз- ата бабаның бізде нәлі бар,  
Қазба байлық жеріміз құнарлы-өшпес өмір нәрі бар.  
Ақ шағалалы теңізім бар, балығымен танылған.  
Көп көрмесін алла тіршілікке керектінің бәрі бар.

Түркістан алды мәртебесін ол облыс орталығы,  
Халық болып қолға алуда таңқаларлықтай жаңалығы.

Көп қабатты ғимараттар түсуде, қала аумағы кеңейіп.  
Заманауи қонақ үйлер салынууда, ел игілігі үшін барлығы.

Несібесін қақпасын Алла, ерлерімізді-азаматтарымызды,  
Бәле жаласынан сақтасын ел жұртымызды қазанаттарымызды.  
Ел сенімін ақтаңыздар, халқы сенген ел басқарушыларымыз.  
Жемқорлық жоғылсын естімейікші келешекте жаман аттарыңызды.

Тұлпар мініп ту ұстатын азаматтарымыз көбейсін,  
Байлық мұрат емес, кедейлік ұят емес оны дағы білгейсің.  
Бір үйді қаншау болсаңдағы бір-біріңе қонақсың,  
Бес күндік жалған, адам керуен кезегіңмен өтерсің,

Шапаның алтын болсадағы жаға менен жең керек,  
Ұлың патша болсадағы бауыр менен ел керек.  
Бөтен елде Сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол,  
Денің сау болса, бала-шағаң алдында Алладан басқа не керек.

Алла елге тыныштығын берсін, байлығын елге бұйыртсын,  
Мың бір бәлесінен құтқарсын Алла, жақсылыққа ел ұмтылсын.

Ұрпағымыз мамыражай, тоқшылықты өмір сүрсін.  
Қарияларға иман жастарға өмір тілегіміз Аллаға қабыл болсын.

**Сатықұл ДОСМАҒАНБЕТҚЫЗЫ, қажы ардагер ана.**

## Табиғат-тыныштық бесігі

Бүгінгі таңда ақпарат көздерінде өртке қатысты жағымсыз жаңалықтар жан түршіктіреді. Сол апаттардың ішінде өрттің алдын алу әрбір аудан тұрғындарына маңызды. Өрттің қауіпті маусымының басталуына байланысты тау бөктеріне жапсарлас орналасқан ауыл тұрғындары арасында жиналыс өткізілді. Осы жиынға қатысқан аудандық орман шаруашылығы мекемесінің мамандары жиында айтылған мәселелер жөнінде толық мәліметті сұраған едік. Ол жиында ауыл тұрғындарына өрттің зияны мен қауіпсіздігін сақтау туралы; отты тек қана арнайы жерде жағуға, пайдаланғаннан кейін сумен немесе топырақпен сөндіру қажеттігі туралы және т.б. қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізу, сөндірілмеген темекі тұқылын тастауға; кішкентай балаларға күкірт беруге; бөтелке сынықтарын тастауға қатаң тыйым салынатындығы жайлы ескертулердің түсіндірілгенін айтты. Сондай-ақ, өртті болдырмау үшін тыйым салынатын бірқатар іс-әрекеттер туралы да жиналыс барысында кеңінен айтылыпты. Тау бөктерінде отырған малшыларымызға осы өрттің зияны мен қауіпсіздігі туралы да қағаз жүзінде ескертулер берілгенін атап өтті. Аз күнде қатты ысыса өрттің шығуына мол мүмкіндік бар. Осыған орай табиғат өрттерінің алдын алу және ескерту бойынша жұмыс жоспарлы әрі тұрақты жүргізілуде. Қоршаған ортаны өрттен қорғау-әрбір азаматтың қасиетті борышы. Табиғат аясына демалуға шыққанда өртке абай болғаны абзал. Өрт қоршаған ортаға қыруар зиян келтіреді. Орман алқаптарын, жайылымдарды жарамсыз етеді. Сондықтан барынша өрттің алдын алуға дайын болуымыз керек. «Сақтансаң сақтаймын» дегенді дана халқымыз бекер айтпаған ғой. Демек, сақтық шараларына мән беріп, таулы алқаптарды, орманды, жайылымдық жерлерді өрттен сақтай білуіміз қажет.

**Бақыт ӘБДІРАХМАНОВ,**  
Қаратау мемлекеттік табиғи орман қорығының қорықшысы.

## Орманда өртке абай болайық!

Жер планетасының ғасырлар бойғы барлық жануарлар дүниесі мен адамзат баласы үшін тіршілік негізі – таза ауа. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Бізді қоршаған тропосфералық ауа қабатының 20,9% осы оттегіден тұрады, ол тұрақты ең қажетті газдың бірі. Су оттегін бөліп шығаратын негізгі жасыл фабрика – көпжылдық ағаштар.

Қазақстан аумағының 3,8 %-ын орманды жер алып жатыр. «Қазақстан - 2030» стратегиясында бұл көрсеткішті 5,1 %-ға дейін көтеру жоспарланған.

Кейінгі жылдары республикамыздың орман қоры аумағында 2257 орман өрті орын алды. Бұл өрттердің 70 %-ы отты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан болған.

“Өрт – тілсіз жау” деп тегін айтылмаған. Өрттің шығу себептері көбінесе шөп қалдықтарын, қоқыстарды қадағалаусыз өртеген шаруа қожалықтарының жауапсыздықтарынан, демалушылар мен балық, аң аулаушылар мен малшылардың жаққан оттарын сөндірмей кетулерінен дала өртіне айналып жататынын да жасыруға болмайды.

Аудан тұрғындарын сексеуіл алқаптарында өрт қауіпсіздігін сақтауға шақырамыз.

**Ш.БЕКЖАН,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі М.М. орман күзетші-қорықшысы.

## Далалы-орманды алқапты сақтайық!

Жадыраған көктемнің соңғы айы да келіп жетті. Күннің ысуы да күн сайын арта түсуде. Далада бітік өскен шөптер де пісе бастады. Орман-тоғайларда жасыл желегімен табиғатқа көркем рең беруде. Тауда да, құмда да қалың шөп алқаптары бар, шаруалар осы өңірлерден мал азығын дайындайды.

Жаз мегілінде құмдағы сексауылды, таулы өңірлердегі шөптерді өрттен сақтауымыз керек. Табиғат байлығын көздің қарашығындай сақтау-әрбіріміздің азаматтың парызымыз. Сондықтан табиғат аясына демалуға шыққанда, шөп ору кезінде, оны тасымалдаған уақытта өртке абай болған абзал.

Әйтпесе оның зардабы ұшан-теңіз. Бүлінген нәрсені қалпына келтіру оңай шаруа емес. Қыруар пейнет бекерге зая кетуі мүмкін.

Өрт қауіпсіздігін сақтап, ережелерді орындау үшін барлығымыз жауапкершілікпен қарауымыз керек. «Сақтансаң-сақтаймын» деген тәмсіл бекер айтылмаған ғой. Лажы болса сақтық шараларын жасағаным жөн.

Орманды, табиғаттың жан-жануарын көздің қарашығындай сақтауға баршамыз болып атсалысқанымыз дұрысы.

Табиғатқа жанашыр болу әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Өртке абай болайық, ағайын!

**Қ.ҚИЯҚБАЙ,**  
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі М.М. орман күзетші-қорықшысы.

### Жарамыз деп танылсын

Айбазов Геннадий Халитовичтің иелігіндегі «Toyota SURF» автокөлігінің kz 405 IF 13 санды мемлекеттік нөмірі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

Қазақстан Республикасының “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” заңының негізгі мақсаты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық

дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң та-

тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаны және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті

## Жемқорлық індет-жою міндет

көріністерінен туындайтын қауіп қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау олардың жолын кесуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп- өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге

лабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-

дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке ел болып аталысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз анық.

**Мұрагер БИХАН,**  
Қарақұр ауылдық округі әкімінің аппаратының бас маман заңгері.

## Қоғам болып күресейік!

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп- өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ. Латын тілінен аударғанда corruption – сатып алу – мемлекеттік басқару құрылымындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қылмыстық іс-әрекеттері.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.

Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыптасуына қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу – әрбір азаматтың міндеті. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылуы керек.

**Махсуда ҚОЖАМҚҰЛОВА,**  
Шу ауылдық округі әкімінің аппаратының іс басқарушысы.

Сыбайлас жемқорлық кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы злымдықпен күресу болып табылады.

Ел Президентінің қай Жолдауын алсақ та осы мәселе күн тәртібінен түскен емес.

«Сыбайлас жемқорлыққа

септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ын-та танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бүгінде барлық мемлекеттік органдарда сенім телефондары үздіксіз жұмыс жасап тұр. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызмет-

## Күш біріктіріп, күрескен жөн

қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне

тердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар, дәрістер, семинарлар өткізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда ұрпақпен жұмыс істеу қажет. Адамды бала кезінен қоғам болып, ата-ана болып қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу керек. Сондай-ақ сот орындаушыларының кәсіби біліктілігі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы курстарда білімдерін көтеруге жағдай жасалса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл бүгінгі күннің өзекті талабы.

**Ерлан МАНАПОВ,**  
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

## Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №13 мекен-жайында, 2022 жылдың сәуір айының 15 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

**Созақ аудандық СЭББ.**

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған жағдайда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына 4-20-88 сенім телефонына хабарласуларыңызға болады.

**Созақ аудандық СЭББ.**



# Білім негізі-бастауышта

Тәуелсіз еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде бастауыш сыныптағы алған білімінің алатын орны ерекше. Бастауыш сыныптағы алған тәрбиесі мен білімі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Сонымен қатар бастауыш мектептегі негізгі міндеттің бірі—кішкентай бүлдіршіндердің оқуға деген көзқарасын қалыптастыру және соған тәрбиелеу. Ол көзқарас оқыту процесін жетілдіріп, сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру арқылы қалыптасады. Осының айғағы ретінде Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде “Білім негізі-бастауышта” атты бастауыш сыныптар әдіс бірлестігінің онкүндігі болып өтті. Онкүндікті мектеп директоры Т.Бекқұлиев ашып беріп, директорының сыныптан тыс жұмыстар жөніндегі орынбасары Ә.Исатайқызы онкүндіктің іс-шарасымен таныстырды. Онкүндіктің бірінші күнінен—ақ білім алушылардың зейінін ашу, білімге құштарлығын ояту және қызықтыру мақсатында түрлі жұмыстар жасалды. Онкүндіктің барысында Ы.Алтынсариннің 180, А.Байтұрсынұовтың 150, Ж.Жабаевтың 175, М.Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына орай газеттер шығарылып, буклеттер жасалды. Ал мектепалды даярлық сыныбының бүлдіршіндері болса түрлі аппликациялар жасаумен қатар табиғат суреттерін салып, онкүндікке өз үлестерін қосты. Бүлдіршіндер білімдерін шыңдаумен қатар “Көңілді старт” спорттық сайысына да белсене қатысып, сайыстың тартысты өтуіне өз үлестерін қоса білді.

Сол секілді, «Таныстыру», «Сұрақ-жауап», «Жаңылтпаш, жұмбақтар айту», «Кім жылдам?», «Адаққан әріптер», «Топтық жұмыс» сияқты кезеңдерден тұратын «Тіл дамыту» сайысы да білім алушылардың интеллектуалды ой – өрісін дамытуға септігін тигізген керемет сайыс болды.

Қазіргі білім беру саласының тағы бір талабы – балаға білім берумен қатар, оның дарындылығын анықтау болып табылады. Ал, дарынды баланы тәрбие беру мен оқыту барысында бір-

тіндеп, сатылап қана анықтауға болады. Осы тұрғыдан қарағанда білім алушының білуге деген құштарлығын, тәжірибе жасауға дайын тұратындығын, қоршаған орта туралы ақпарат жинауға талпынушылық қасиеттерін дамытуда “Мен жас зерттеушімін” тақырыбында 4 - сыныптар арасында өткен ғылыми жоба қорғау сайысының орны ерекше болды. Қатысушылардың бұл сайысқа да үлкен дайындықпен келгені ғылыми жобаны жасауға барысында анық байқалып тұрды. Жобаға қатысқан дарынды оқушылардың барлығы да мадақталып, мақтау қағаздарымен марапатталды. “Шығармашыл балдырған” тақырыбында ұйымдастырылған көрме көздің жауын аларлықтай болып, онкүндік аяқталғанша мектеп фойелеріне ерекше көрік беріп тұрды. Әр күні көтеріңкі көңіл-күйге толы болған онкүндіктің бір күні мектепалды даярлық сыныптарының ертегілер әлеміне саяхатымен жалғасты. Мектепалды даярлық сыныптарының жетекшілері Жолдасова Дина, Исакова Роза, Әлжанова Қаракөз апайлардың жетекшілігімен “Бауырсақ”, “Мақтақыз бен мысық”, “Үйшік” ертегілері сахналанып, кішкентай бүлдіршіндеріміз өздерінің рөлдерін аса ыждағаттылықпен ойнап, көрермен көңілінен шыға білді. Білікті ұстаздарымыз Есмағанбетова Хадишаның сайыс сабағы, Садуақасова Айгүлдің “Жазбаша түрде қалдықпен бөлу”, Бекбаева Пернекүлдің әдебиеттік оқу сабағынан қайталау сабағы, Сайпинова Зибаның “Бала Абай”, Махатова Жұлдызайдың “Құстар әні”, Ноғайбаева Жанардың “Ас атасы-нан”, жас маман, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Рысбаева Диананың “Body” тақырыбында түрлі жаңа әдіс-тәсілдерді пайдаланып өткен ашық сабақты білім алушылар үшін тиімді де, нәтижелі болды деп айта аламыз. Он күнге созылған “Білім негізі-бастауышта” атты бастауыш сыныптар әдіс бірлестігінің онкүндігі “Қош келдің, Көктем!” атты әнби, күй, сахналық көріністерден тұратын концерттік бағдарламамен қорытындыланды.

**Нұрзада ИСКАКОВА,  
Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**



## Бала-бауыр етің

Адам ұрпағымен мың жасайды демекші, барлық мәселе отбасынан басталып жатады. Тәрбие тап бесіктен. Аяулы аналар, балаларымызға дұрыс тәрбие берейік. Адалдыққа, мейірбандылыққа, тазалыққа, еңбекке баулық. Сауатты, дұрыс бағыт-бағдар берейік.

Қоғам болған соң әртүрлі жағдай орын алып жатады. Балаларды періште дейміз. Десек те, кейде балаларын өз бас пайдасына, мұқтажына, заңсыз іс-әрекетіне пайдаланатын ата-аналарды кездестіріп жатамыз. Баласына өтірік айтқызып, өзі сытылып, жауапкершіліктен құтылып жататын ата-аналар да жоқ емес. Осындай келесі жағдайлардан соң, періште балапанның болашағына алаңдайсың. Бала үшін ата-ана ең жақын адам, бары, нары, қорғанышы, қорғаушысы.... Кейде балаларын ұрып, соғып, көпшіліктің алдында жекіп, жерден алып, жерге салып жатады. Жас келіншектер аяусыз кішкентай мазасызданған балаларын алдап, еркелетіп жұбатудың орнына, жұлып, қорқытып, дауыс көтеріп, бағындырғысы келеді. Сырт көзге өте сұрқайы, дерекі, әдепсіз көрінеді. «Әй, баланы ұрма»-деп жөн айтсаң, өзіңе тап береді. Аузыңды жауып тастайды. Тіпті, қарапайым моншада кейбір жас келіндер балаларын ұрып, соғып, ұрысып, шулатып

жібереді. Өзі судан қорқып тұрған баланың одан сайын зәресін алады. Көпшіліктің мазасын алады.

Ата-анадан аяусыз таяқ жеп, өтірік сөзді, жалған іс-әрекеттерді ерте көрген бала, ерте бастан құлыққа көшеді. Ол балаға өтірік сөйлей салу, біреуге жала жаба салу түк емес. Өйткені, ол балаларға өтірік сөйлеуді ата-аналар өздері үйретіп жатады. Әрине, ешқандай ата-ана баласына жамандық ойламайды, жаман тәрбие беріп жатырмын демейді. Алайда күнделікті қарапайым қоңыр тіршілікте, «өйте сал, бүйте сал, сөйтіп айта сал...» деп алдаусырататын, көңілге ала бермейтін жалған сөз, жалған майда-шүйде іс-әрекеттердің салдары үлкен мәселеге айналып кететінін дер кезінде білмей қаламыз. Кейде, бөтіңе тіке қарап тұрып өтірік сөйлеп, сені алдап түсіргісі келіп тұратын жас балдарға қарап қайран қаласың...

Айтпағым, балаларымыз біздің болашағымыз. Елдің болашағы. Олардың өміріне бей-жай қарамайық. Қоғамдық орында болсын, үйде болсын, сабырлы болайық. Балалардың жанын ауыртпайық. Оларды өзіміз жамандыққа, қылмысқа, қателікке итермелеп алмайық.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

# Республикалық байқаудан жүлдемен оралды

Қазақ халқы қай заманда да өсер ұрпақ қамын бір сәт ұмытпаған. Елімізде жасалып жатқан жақсылық істің бәрі-болашақ жастар үшін. Жас ұрпаққа осы жолдан таймау аманат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында «Қазақстан—дарынды жастар мекені. Ертеңгі еліміздің абыройын асыратын да—осы талантты ұл-қыздар. Біз олардың өрісін ашып, қарым-қабілетін шыңдау үшін бар мүмкіндікті жасауға тиіспіз» деген болатын. Мемлекет басшысының ұрпақ тәрбиесіне қатысты айтқан маңызды тапсырмасын басшылыққа ала отырып, жастардың шығармашылық бағытта дамуына қолдау көрсету сіз бен біздің басты міндеттеріміздің бірі болмақ.

Қоғам алдындағы ең жауапты



міндет—тәуелсіз мемлекетіміздің тарихы мен дәстүрін құрметтеп, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңіріп өскен дарынды жастарды тәрбиелеу. Осыған орай өскелең ұрпаққа тәуелсіздіктің баға жетпес қадір-қасиетін ұғындыру мақсатында «Mangilik el jastary» қоғамдық қорының бастамасымен «Тәуелсіздік-Тәңір сыйы» атты мектеп оқушыларына арналған республикалық байқау ұйымдастырылған болатын. Бұл жай жоба емес, еліміздегі жас ұрпақтың тәуелсіздік мерекесіне жасаған тартуы десек те болады. Осы тұста аталған байқауға ауданымыздағы Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің 5 сынып оқушы Жанысбай Ару байқауға қатысып, жүлделі орынға ие болды. Аталмыш байқау 2 кезеңнен өткізілді. Алғашқы кезең бойынша оқушымыз “Мәнерлеп оқудан” II-орын

алса, екінші кезеңде “Үздік эссе” аталымымен марапатталды. Жанысбай Арудың жетекшісі Әсел Есғалиқызына алғыс хат пен төс белгі берілді. Сондай-ақ, үздік шыққан 30 жұмыс республикалық эссе жинағына еніп, тұсауы Алматы қаласында кесілді.

Ойы жүйрік, шығармашылық қабілеті шыңдалған жас шәкірттер өздерінің Отанға деген махаббатын қаламы арқылы жеткізді. Әр түкпірден келген 30 оқушының шынайы, таза тілектері ешбір жанды тебіренпей қоймады. Қашанда ұстаздың шынайы бағасы шәкіртінің бағындырған белесімен есептелмек. Білімді шәкірттеріміз көп болсын!

**Әсел ӘЛІПОВА,  
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Директор:

**Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ**  
Жауапты хатшы:  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы-

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар өңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, Байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3900 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.